

  **А И К Қ Ы Ы Н**

## ЗАҒИП ЖАНДАР ДА ЛАТЫН ҚАРШІН ҮЙРЕНЕДІ



**Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы аясында зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханада «Л.Брайль нүктелі-бедерлі шрифтімен қазақ тілінің латын әліпбиіне біртіндеп өтуі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.**

Шараға А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Ұлттық кітап палатасы, Ұлттық кітапхана, Алматы қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі, Жамбыл облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтар кітапханасы, Қостанай облыстық көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасы, Қазақ соқырлар қоғамының Алматы филиалы қоғамдық бірлестігі, «Көмектес» қайырымдылық қоры, «Жігер» мүмкіндігі шектеулі жастар ұйымы, №4 Н.Островский атындағы зағип және нашар көретін балаларға арналған мектеп-интернаты, Есік қаласындағы зағип және нашар көретін балаларға арналған «Есік кемтар балалар көмекші мектеп-интернаты», кітапхана жанынан құрылған Ардагерлер кеңесі, үкіметтік емес ұйымдар, ақын-жазушылар, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері, Skype бағдарламасы бойынша 9 облыстық арнайы кітапхана қатысты.

Дөңгелек үстелді модератор – кітапхананың «Сөйлейтін» және Брайль кітаптарын шығару бөлімінің меңгерушісі А.Әжібеков жүргізді. Кітапхана директоры Е.Әлімқұлов алғы сөз сөйлеп, «Л.Брайль нүктелі-бедерлі шрифтімен қазақ тілінің латын әліпбиіне біртіндеп өтуі» тақырыбында өтіп жатқан дөңгелек үстел Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы аясында қолға алынғанын айта келе, қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру идеясы 90-жылдардың басында-ақ айтылғаны, бұл идея 20 жылдан астам уақытта әбден пісіп-жетілгені, Мемлекет басшысы латынға көшуді бастауды Үкіметке тапсырғаны жайында әңгімеледі. Сондай-ақ зағип жандар үшін туындайтын қиындықтар мен мүмкіншіліктерге мән бере келе, дөңгелек үстел қонақтарын осы мәселе аясында өз ойларымен бөлісуге, пікір алмасып, атсалысуға шақырды.

Шара барысында А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының қызметкері, докторант – А.Серікбаева латын әліпбиінің жаңа нұсқасы Парламент депутаттарының қарауына биыл 11 қыркүйекте ұсынылғанын айтып: «Біз қалай да латын графикасындағы жаңа әліпбиге көшетіміз анық, себебі бұл – өркениеттік таңдау. Әліпби таңдау тілдің болашағы үшін, сонымен бірге, еліміздің өркениеттік дамуы үшін де қажет. Сонымен қатар, заманауи жазу адамды заманауи ойларға жетелейді», – дей келе, ел болып талқылап жатқан 25 әріптен тұратын нұсқаның біз үшін ұтымды тұсы мен кемшілігі жайында ойымен бөлісіп, диграф (бір дыбысты екі әріптің тіркесімен беру) және диакритика (әріпасты, әріпүсті элементтер) сияқты ұғымдарға кеңінен тоқталды.

Диграфты әліпби жобасы халыққа қолайсыз. Біріншіден, ә-ае, ө-ое, ү-уе, ж-zh, ш-sh деп беру «бір дыбыс – бір әріп» принципіне сай емес. Өйткені біздің тілдік санамыз «бір дыбыс – бір әріп» принципіне негізделген, сондықтан халық диграфтарды қабылдай алмайды. Екіншіден, ол мәтінді ұзартып жібереді. Қазақ тілі үшін диграф тиімсіз. Қазіргі таңда латын графикасына негізделген әліпбидің бірыңғай стандарты қабылданбады. Қабылданған жағдайда, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты зағип жандарға арналған қазақша Брайль нүктелі шрифтіні жасауға көмектеседі, – деді Айжан Дүйсенбайқызы. Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының вице-президенті, «Арыс» баспасының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор Ғарифолла Әнес өзекті тақырып жайында: «Қазақ тілі – түркі тілдерінің ішіндегі ерекше құнарлы, бірегей тілдік нысан ретінде бір ғасырдан астам уақыттан бері әлемдік шығыстану, түркітану ғылымы қазақ сөзінсіз, қазақ тілінің нақты мысалынсыз сөйленбейді. Ғылыми еңбектердің бәрінде тіліміздің сөздік қоры мен лексикалық байлығы жан-жақты талданып, төл 9 дауысты, 19 дауыссыз дыбысымыздың айырым таңба-белгісі жүйелі түрде көрініс тапқаны жаңалық емес. «Бір дыбыс – бір таңба» жүйеде қала беруді барша түркі республикаларының тілші ғалымдары 1991 жылы-ақ қабылдап, мақұлдап қойған болатын. Біздің ұсынысымыз ғасырлық тәжірибеге негізделген», – деген ойын ортаға салды.

Президент 2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керектігін айтқанын, әлемнің 100-ден астам мемлекетінде латын әліпбиі қолданылатындығы жайлы мәліметтермен кітапхана жанынан құрылған Ардагерлер кеңесінің төрағасы М.Шәкіров бөлісті.

**Төреғали ТӘШЕНОВ**